

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2025 жылғы 14 мамырдағы № 125 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 2-тармағына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабы 7) тармақшасына және "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыга қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тіліндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жолдауды;

2) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

F. Нұрмұхамбетов

Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің 2025 жылғы _____

№ _____ қаулысына
қосымша

1. Жалпы ережелер

1. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Солтүстік Қазақстан облысының аумағында жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

4. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі коммуналдық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртанбалары, белгіленген үлгіде бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілдептік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

7. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен басқарма басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымы және штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 150010, Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы Интернационал көшесі, 61.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

мемлекеттік тілде: "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде: коммунальное государственное учреждение "Управление пассажирского транспорта и автомобильных дорог акимата Северо-Казахстанской области".

11. Осы Ереже "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру облыстық бюджет қаражатынан жүзеге асырылады.

13. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқарманың функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне заннамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

14. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жұмыс режимі ішкі күн тәртібіне сәйкес белгіленеді.

15. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен құрылтайшы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының қолданыстағы заннамасына сәйкес анықталады және реттеледі.

16. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен оның еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының қолданыстағы заннамасына сәйкес айқындалады.

2. Мемлекеттік органдың міндеттері мен өкілеттіктері

17. Міндеттері:

сапасын және техникалық жай-күйін жақсарту мақсатында автомобиль және темір жол көлігі салаларында Қазақстан Республикасының тиімді мемлекеттік саясатын қалыптастыру және жүргізу;

автокөліктің барлық түрлерінің облыстық маңызы бар автомобиль жолдары бойынша қауіпсіз және ұздіксіз қозғалысын және экономика мен қоғамның қолжетімді және сапалы көлік қызметіндегі сұранысын толық қанағаттандыруды қамтамасыз ету;

облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының желісін дамыту, жалпыға ортақ пайдаланылатын жолаушылар көлігінің қызметін үйлестіру;

Казақстан Республикасының заңнамасында көзделген құзыret шегінде облыс аумағында жол қызметін және көлік қызметін мемлекеттік реттеуді және басқаруды жүзеге асыру.

18. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

өз құзыretі шегінде жол саласы қызметі, көлік мәселелері бойынша нормалардың және стандарттардың, шарттар мен келісімдердің сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

қажет болған жағдайда, меншік нысанына қарамастан, жол саласы және көлік үйымдарынан "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат сұрату;

2) міндеттері:

жол шаруашылығы, көлік мәселелерінде жергілікті басқару органдарымен өзара әрекеттерді жүзеге асыру;

автомобиль жолдарын күтіп-ұстау, жөндеу және салуға облыстық бюджеттен бөлінген қаржының нысаналы пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру.

19. Функциялары:

1) автомобиль көлігі, автомобиль жолдары және жол қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес үйымдастыру;

3) облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының желісін басқару;

4) облыстық коммуналдық меншігіндегі жолдарды басқару;

5) облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

6) облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын немесе олардың учаскелерін өтеусіз уақытша пайдалануға беру туралы шешімдерінің жобаларын дайындау;

7) облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыныптау тәртібі мен шарттарын әзірлеу;

8) облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыруды келісу;

9) елді мекендердің көшелерін күтіп-ұстай, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыстар түрлерінің сыныптамасын әзірлеу;

10) кірме жолдарды және жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық және аудандық маңызы бар жолдарға қыылсыратын жолдар салуды келісу;

11) жолаушылар мен багажды тұрақты облысаралық қалааралық, ауданааралық (облысішілік қалааралық) тасымалдауды ұйымдастыру, оларға қызмет көрсету құқығына конкурстар өткізу;

12) жолаушылар мен багажды тұрақты ауданааралық (облысішілік қалааралық) тасымалдау маршруттарын және қозғалыс кестелерін бекіту;

13) жолаушылар мен багажды тұрақты қалааралық облысаралық автомобильмен тасымалдау бойынша маршруттар мен қозғалыс кестесін келісу;

14) автовокзалдардың, автостанциялардың және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің қызметті бастағаны немесе тоқтатқаны туралы хабарламалар қабылдау;

15) жолаушылар мен багажды тұрақты ауданааралық (облысішілік қалааралық) автомобильмен тасымалдау маршруттарының тізілімін жүргізу;

16) жолаушылар көлігін дамытудың кешенді схемасын және жол қозғалысын ұйымдастыру жобаларын әзірлеу;

17) жолаушыларды ауданааралық (облысішілік қалааралық), сондай-ақ теміржолмен қаламаңылық қатынастарда әлеуметтік мәні бар тасымалдауды жүзеге асыру кезіндегі тасымалдаушыларға келтірілген залалды субсидиялауды жүзеге асыру;

18) Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заннамасына сәйкес лицензиялауды жүзеге асыру;

19) халықаралық және республикаішілік қатынастарда қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдарының жүргізушилерін арнайы даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарлама берген жеке және занды тұлғалардың тізілімін жүргізу;

20) әуе көлігімен жолаушылар тасымалы жұмысын ұйымдастыруда уәкілетті органмен өзара әрекет ету;

21) облыстық маңызы бар автомобиль жолдарында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

22) облыстық маңызы бар автомобиль жолдарында жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарын салу, реконструкциялау, жөндеу, енгізу және күтіп-ұстай жөніндегі барлық жұмыс түрлерінің орындалуын және оларды бақылауды қамтамасыз ету;

23) облыстық маңызы бар автомобиль жолдарында жол қозғалысын ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және іске асыру;

- 24) жол-көлік оқиғаларынан болған залалдың және жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған бюджет шығындарының, сондай-ақ жолдағы апаттылық деңгейін төмендетуге қолданылатын шаралар тиімділігінің мониторингін жүзеге асыру;
- 25) шағын көлемді өздігінен жүзетін кемелерді басқару құқығына қуәлік беру;
- 26) шағын көлемді кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі курстарды есепке алу;
- 27) қызметтік құжаттар мен азаматтардың өтініштеріне есеп жүргізу және қарау, оларды қабылдауды үйымдастыру.

3. Бірінші басшының мәртебесі, өкілеттіктері

20. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде басшылықты басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

21. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Солтүстік Қазақстан облысының әкімі қызметке тағайындаиды және қызметтен босатады.

22. Басшының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

23. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі және міндеттері:

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмысын үйымдастырады және басқарады және Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуына дербес жауап береді;

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың орындалуын бақылайды;

ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы заңнаманың сақталуын қамтамасыз етеді;

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің сыйайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтауына дербес жауап береді;

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын үйымдастырады және бағыттайды, олардың өзара әрекет етуін үйлестіреді;

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Занға сәйкес облыс әкімімен өз орынбасарларын қызметке тағайындауды және қызметтен босатуды келіседі, "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын және қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

өз құзіреті шегінде қызметтік құжаттарға қол қояды;

штат кестесін бекітеді;

нормативтік құқықтық актілер мен басқа да құжаттардың жобаларын облыс әкімдігі мен әкіміне қарастыруға ұсынады;

қолданыстағы заннамаға сәйкес "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза қолданады;

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің шығыстар сметасын бекітеді, бюджетте көзделген қаражатқа иелік етеді;

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымдық бөлімшелері туралы ережені, әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарының жинағын бекітеді;

мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атынан сөйлейді.

Бірінші басшы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін заннамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

24. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заннамаға сәйкес белгілейді.

25. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымын басшы, оның орынбасарлары мен құрылымдық бөлімшелер – бөлімдер құрайды.

26. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жағдайы мен жалақы мөлшері Қазақстан Республикасының еңбек және мемлекеттік қызмет туралы заннамасына сәйкес белгіленеді.

4. Мемлекеттік органдың мулкі

27. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің заннамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мулкі болады.

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мұлкі оған меншік иесі берген мұлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мұлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

28. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне бекітілген мұлік коммуналдық меншікке жатады.

29. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзіне бекітілген мұлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мұлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

30. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

31. Таратылғаннан кейін "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мұлкін бөлу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

32. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.